

"Қолжетімді тұрғын үй-2020" бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 қыркүйектегі № 1159 Қаулысы

«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 шілдедегі № 821 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына Астана қаласындағы авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыруға Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымына мынадай негізгі шарттармен кредит беру ұ с ы н ы л с ы н :

- 1) қарыз сомасы – 200000000000 (жиырма миллиард теңге);
- 2) мерзімі – 2 (екі) жыл;
- 3) негізгі борышты өтеу – мерзімнің соңында;
- 4) сыйақыны төлеу – жарты жылдық төлемдермен;
- 5) сыйақы ставкасы – жылдық 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайыз;
- 6) қамтамасыз ету – қамтамасыз етусіз.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2014 жылы арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде Астана қаласының әкімдігіне 2014 жылы 200000000000 (жиырма миллиард) теңге сомада қ а р а ж а т б ө л у д і к ө з д е с і н .

3. Астана қаласының әкімдігі осы қаулының 2-тармағында көрсетілген іс-шара орындалғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен 2014 жылы уәкілетті ұйымның «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы алдындағы 200000000000 (жиырма миллиард) теңге мөлшеріндегі кредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерді о р ы н д а у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*